

"Медициналық білімі бар және Ақжар ауданына жұмыс істеуге келген жас мамандарға бірыңғай әлеуметтік көмек төлемін тағайындау туралы" аудан әкімдігінің 2007 жылғы 18 шілдедегі N 243 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық әкімдігінің 2008 жылғы 21 сәуірдегі N 136 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Ақжар ауданының Әділет басқармасында 2008 жылғы 27 мамырда N 13-4-71 тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 26 қыркүйектегі № 174 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы әкімдігінің 26.09.2024 № 174 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңы 31-бабы 1-тармағы 14) тармақшасына және 2-тармағына, "2005-2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының денсаулық сақтауын реформалау және дамыту туралы мемлекеттік бағдарламасы" 2004 жылғы 3 қыркүйектегі № 1438 Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығының 3-тармағына, "2005-2010 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысының денсаулық сақтауын реформалау және дамыту туралы мемлекеттік бағдарламасы" Солтүстік Қазақстан облыс әкімдігінің 2005 жылғы 19 қаңтардағы № 11 қаулысына, Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2005 жылғы 20 сәуіріндегі № 107 қаулысымен бекітілген "2005-2007 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысының емдеу-сақтандыру ұйымдарының медициналық кадрлармен қамтамасыз ету бағдарламасы" 5-тармағы, 5.1) тармақшасына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Медициналық білімі бар және Ақжар ауданына жұмыс істеуге келген жас мамандарға бірыңғай әлеуметтік көмек төлемін тағайындау туралы" (Ақжар ауданының әділет басқармасында 2007 жылғы 29 тамызында № 13-4-48 тіркелген) аудан әкімдігінің 2007 жылғы 18 шілдедегі № 243 қаулысына төмендегідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

18 шілдедегі № 243 қаулысының атауында "жас" деген сөзі шығарылсын;

қаулысының 1, 4 тармағында "жас" деген сөзі шығарылсын;

2-тармағы 4) тармақшасын "жас мамандарға" деген сөзбен толықтырылсын;

2-тармағы 7) тармақшасы "еңбек шартының көшірмесі" сөзімен толықтырылсын.

2. Осы қаулы оның бірінші рет ресми жарияланған сәттен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ. Пшенбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ